

Түсінік хат

Мемлекеттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтылмаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, Елбасы «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды.

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Білім беру жүйесіндегі бүгінгі күндегі өзгерістер Отандық тарихтан білім беруде оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеруді талап етеді. Туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін оқытып үйрету оқушыларды азаматтық пен ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді.

Бағдарламаның бағыты: «Туған өлкем» туристік-өлкетану бағдарламасы өлкетанулық қызметті ұйымдастыру бойынша бағдарлама мазмұндық, тақырыптық бағыты бойынша туристік-өлкетану, функционалды қолданысы бойынша оқу-танымдық, іске асырылу мерзімі бойынша бір жылдық, ұйымдастыру түрі бойынша үйірмелік болып табылады.

Бұл бағдарлама арқылы оқушы өздерін туған халқының бір бөлшегі, сол халық мұрасын сенімді сақтаушы және жалғастырушы тарихты білетін өз елінің азаматы екендігін сезінеді.

Бағдарламаның мақсаты: Оқушыларды салауатты өмірге, туризм негіздерін білуге, бос уақыттарын тиімді өткізуге тәрбиелеу, мамандық таңдауларына ықпал ету.

Білімділігі: оқушыларды туристік-өлкетанулық қызметті меңгертуде туған өлкенің тарихи-мәдени және табиғи мұрасын оқып-үйрету, туристік дағдыларды, қоғамдық пайдалы істерге деген дағдыларды меңгерту, зерттелмеген тың тақырыптарды анықтау, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жетістіктері мен салт-дәстүрді сақтауда білімін тереңдету.

Тәрбиелілігі: оқушыларды елін, жерін сүйетін азаматтылыққа, патриоттылыққа, тарихын қастерлейтін зеректілікке тәрбиелеу.

Дамытушылығы: туристік-өлкетанулық білімдерін дамыту, ойлау қабілетін шыңдау, сыни тұрғыдан зерделеу, шығармашылық, ізденімпаздық талабын қалыптастыру.

Сарамандылығы: шығармашылық қабілеттерін, интеллектуалдық мүмкіншілігі арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге, жорық, экскурсия, экспедиция жасауға, туристік техника негізіне, экологиялық сауаттылыққа бейімдеу.

Міндеті:

- өлке тарихы, орналасқан жері, аумағы, халқы, мәдениеті жөнінде білім беру;
- өлкенің мәдени-ағарту ісіне үлес қосқан адамдар жайлы материалдарды іздеу;
- жаңа технологиялық ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, мәлімет іздеуге дағдыландыру.

Бағдарламаның өзектілігі: Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан кейінгі «Ұлы даланың жеті қыры» жолдамасында айтылған тарихи жәдігерлер арқылы Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, география, тарих пәндерімен сабақтаса оқытылады.

Бағдарламаның ерекшелігі: Өткізілетін сабақтардың барысында балалармен жұмыс жүргізудің әр түрлі әдіс-тәсілдері пайдаланылады: әңгімелеу, әңгімелесу, практикалық жұмыстар, өзіндік жұмыстар, табиғатты бақылау және т.б. Қызықты әдістер кеңінен пайдаланылады: кроссвордтар, жұмбақтар, өлкетанулық тақырыптар бойынша ойындар. Сабақтар мен экскурсиялар кезінде оқушының туған өлке табиғатына деген қызығушылық, табиғат дүниесін аялау, құрметтеу, оны көркейту сезімдері қалыптасады..

Оқыту бағдарламасын жүзеге асыруда балалар жасы 10 – 12 жас аралығы, бұл аралықта оқушының белсенді іс - әрекеті оқушының ой жүйесінің, көңіл көкжиегінің кеңеюіне әсер етеді. Ол оқушының білімге құштарлығын арттырудың бір жолы болып табылады.

Күтілетін нәтиже:

- өз Отанын сүйетін, оның тарихын, әдет-ғұрпын, тілін құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді;
- оқушы бойында оқулықтан тыс материалдармен шығармашылық жұмыс істеу қажеттілігі пайда болады;
- оқушыларда қоршаған ортаны бақылай алу білігі қалыптасады, олардың күнделікті істерге қатысу қабілеті дамиды;
- туған жеріндегі ұлттардың салт-дәстүрін білу және құрметпен қабылдау;
- туған өлке тарихының тірі куәгерлерін саралау категорияларын білу: Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл ардагерлері, еңбек ардагерлері, еңбегі сіңген педагогтар мен дәрігерлер және т.б.;
- өлкенің өсімдік жамылғысын, жануарлар дүниесін білу;
- өлке туралы негізгі анықтамалық мәліметтерді қамтитын түрлі форматтағы ақпараттық материалдарды әзірлеу;
- Отанымыздың тарихына жаңа беттер қосылады.

Оқушылар білуі тиіс: ауыл шежіресін, жер-су аттарын, табиғи ерекшелігін тану, туристік құрал-жабдықтардың атауларын, не үшін қолдануын, қауіпсіздік ережесін білу, кіші Отаны туралы толық білу, өлке туралы іздестіру-зерттеу

жұмысын жүргізу, байқауларға қатысу, мектеп музейін түрлі жәдігерлермен толықтыру.

Бағдарламаның пайдаланылуы: оқушының өлкетанулық білімін тереңдету үшін 5-8 сынып оқитын мектеп оқушыларына арналған.

Балалар мен жасөспірімдердің туризм және экология облыстық орталығында қабылданған оқу жоспарының тұжырымдамасына сәйкес үйірме бағдарламасы 216 сағатқа есептелген. Жалпы теорияға 98 сағат, практикаға 118 сағат арналған. Сабақтың өту мерзімі аптасына үш рет (топқа бөлінбейді) өтеді.

Бағдарламаны меңгерту үшін әдебиеттер көрсетілді.

Оқу-тақырыптық жоспары

Р/С	Тақырыптардың және бөлімдердің атауы	Сағат саны		
		Бар лығы	Сараман	
			Ғимарат	Аймақта
I	Кіріспе	18	16	2
II	Өлкетану негіздері	48	16	32
III	Туризм және қауіпсіз маршруттар	24	12	12
IV	Экологиялық туризм	18	10	8
V	Спорттық бағдарлау	18	4	14
VI	«Туған жерді сүю парыз, Сүю үшін, білу парыз»	72	38	34
VII	Қорытынды	18	2	16
	Барлығы	216	98	118

Бағдарлама мазмұны

I - бөлім. Кіріспе(18 сағ.)

1, 2-сабақ. (12 с)

Үйірме оқушыларын жасақтау, құжаттар жинақтау, өтініштер жинау.

3-сабақ. Кіріспе. Батыс Қазақстан облысы балалар жасөспірімдер туризмі және экология орталығымен танысу. (6 с)

Жаңа ұғымдарды қалыптастыру.

Саяхат – бұл адамдардың уақыт пен кеңістікте қозғалуы, ал өзінің мақсатында, қозғалыс құралына және уақыт аралығында тәуелсіз саяхатта жүретін адамды саяхатшы деп атайды.

Туризм - бұл адамдардың ляззат алу және демалу, емделу, қонақтық, танымдық немесе кәсіби мақсаттарымен өзінің тұрақты мекенін басқа елге немесе өзінің елі шегіндегі орындарға уақытша қозғалысы.

Туризм тарихы – көне заманнан және осы уақытқа дейінгі ең қарапайымнан бастап саяхаттарды (жорықтар, экскурсиялар) зерттейтін ғылым.

Орталықтың тарихымен танысу.

II-бөлім. Өлкетану негіздері (48 с)

4-сабақ. Өлкетанудың зерттеу нысандары. Үйірме оқушыларын қауіпсіздік ережесімен таныстыру. (6 с)

Өлкетану, оның мәні, мақсаты, өлкетанудың ұйымдастыру формалары. Өлкетанудың зерттеу нысандары: табиғат, жер, территория, сол жердің халқы, тарихы, шаруашылығы, өнері мен мәдениеті.

Туристтік-өлкетану үйірмесінің мақсаты мен міндеттері. Жорық, экспедиция, экскурсиялар түрлері. Табиғатқа серуендеу мен экскурсиялар жасау кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру. Жолда жүру ережесі.

5-сабақ. Балалар туризміне еңбегі сіңген тұлғалардың өмірімен танысу.(6 с)

Балалар туризміне еңбегі сіңген Виктор Павлович Фомин,Төкеш Қабалұлы Жездібаев, Абдамбаев Сейітжапар Сейітқасымұлы және т.б туралы мәліметтермен таныстыру.

6-сабақ. Туған өлкенің географиялық орны, жер көлемі, елді мекендердің маңызы. (6 с)

Әкімшілік-территориялық бөлінісі және тұрғын халқы.Облыс 1932 ж 10 наурызда Орал облысы болып құылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Жерінің аумағы 151,3 мың км², тұрғындары 646 828 адам. Әкімшілік жағынан БҚО 12 аудандық, 2 қалалық әкімшілік ауданға,олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. Орталығы Орал қаласы.

7-сабақ. БҚО-ң орны және Орал қаласының тарихы. Қаланың мәдени мұрасына үлес қосқан қайраткерлер туралы деректер жинау. (6 с.)

Орал, Жайық, Теке – қала (1775 ж), БҚО орталығы. Жайық бойындағы өзен порты, әуе жолдарының торабы.Қалаға ірілі-ұсақты 16 елді мекен қарайды: Зашаған, Деркөл, Круглоозерное, Серебряково т.б. Орал қаласының орнында

бұдан бірнеше мың жыл бұрын скиф, ғұн, авар, печенег және қыпшақ тайпаларының мекені болған. Тақырыптар беріліп, рефераттар әзірлеу.

8-сабақ. БҚО-на қарасты аудандар тарихы, тарихи ескерткіштері, өзен-көлдері. (6 с.)

Облыс құрамына 12 әкімшілік-аумақтық бөлініс –Ақжайық, Бөкей Ордасы, Бөрлі, Жаңақала, Бәйтерек, Козтолов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Шыңғырлау аудандары кіреді. Өзендер каспий теңізі алабында жатыр. Ұзындығы 100 км-ден асатын 14 өзен бар. Басты су артериясы – Жайық өзені солт-шығыстан оңтүстікке қарай ағады. Облыста жалпы 150ге жуық көл бар. Ең терең әрі ауқымды су айдыны –Шалқар көлі.

9-сабақ. Отбасы. Отбасы мұрағаты (6 с.)

Отбасы. Жеті ата. Отбасылық салт-дәстүр. Тақырыпқа байланысты эссе: «Менің Отбасым», «Бақытты отбасы», «Отан – отбасынан басталады».

10-сабақ. Табиғи мұра және табиғи қорлар туралы деректер мен зерттеулер. (6 с.)

Батыс Қазақстан өңірінің ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау. туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау және тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау (жұмысты презентациялау), туған өлкенің және оған жақын аумақтардың «Қызылкітаптық», эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары; ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау, олардағы табиғатты қорғау жұмыстарының технологияларымен танысу;

11-сабақ. Үйірме оқушыларымен «Еуразия» туристік - сауықтыру кешеніне жорық. (6 с.)

«Еуразия» туристік сауықтыру кешеніне саяхат. Жорыққа дайындық. Жорық ауданын зерттеу. Топтағы міндеттерді бөлу. Жорық күнделігін жүргізу. Жорық бағдарламасын және маршруттың әзірлеу. Маршрут құжаттарын даярлау. Есепті дайындау.

III-бөлім. Туризм және қауіпсіз маршруттар. (24 сағ)

12-сабақ. Туризм және табиғатты қорғау. Туризмнің түрлері мен формалары. (6 с.)

Табиғат адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы. Табиғатты қорғау дегеніміз табиғат ресурстарын пайдалану барысында оның тиімді жолдарын іздеу, бүліну, ластану жолдарынан сақтау және қорғауды жүзеге асыру. Табиғатты қорғау жіне туризм дегенді қалай түсінесіңдер? Туризмнің табиғатқа қандай әсері бар деп ойлайсыңдар? деген сұрақтарға жауап алу.

13-сабақ. Туристік құрал-жабдықтар. Жіп байлау және олардың түрлері. (6 с.)

Туристік құрал - жабдықтар. Туризм түрлері бойынша арнайы құрылдар: мұзжарғыштар (ледоруб), ілмектер (крючья), кошкалар, қорғанис жилеты, байдаркалар, шаңғылар, каскалар және т.б. Жіп байлау түрлері. Алау түрлерімен (шалаш, құдық, перамида, таежный, траншея, «заборчик», «решетка», «аңшының ошағы» т.б.) таныстыру, қолдалынуы, тәртібі (Алауды қатты желден сақтау;

оған ауа келіп тұруды қамтамасыз ету; жылынуға - кең жағылған, тағам дайындау үшін - конус тәрізді алауларды пайдалану т.с.с.) туралы ұғындыру.

14-сабақ. Туристік жорықтың тактикасы мен техникасы. Туристік жорықтағы алғашқы медициналық көмек. (6 с.)

Туристік жорықтың тактикасы мен техникасы. Қауіпсіздік шаралары. Арқан арқылы жоғарыға шығу және төменге түсу. Жорық кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу. Алғашқы медициналық көмек.

15-сабақ. Сақтандыру түрлері. Туристік байқауларға қатысуды ұйымдастыру. (6 с.)

Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандыру құралдары. Туристік түйіндер, кеуде бекіткіші және оны қолдану тәсілі. Сақтандыру түрлері: біруақыттық, кезекті, топтық және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандыру орнын таңдау және дайындау. Жоғарғы және төменгі сақтандыру.

IV-бөлім. Экологиялық туризм. (18 сағ)

16- сабақ. Экология ғылымы туралы түсінік. Экологиялық туризм және оның маңызы. (6 с.)

Экология дегеніміз не? Экология және оның қысқаша даму тарихы, экологияның ғылым ретінде анықтамасы, мақсаты, міндеттері және әдістері, ғылымның қысқаша тарихы туралы жалпы түсінік. Экология мен туризмнің байланысы.

17-18 сабақ. Батыс Қазақстан облысының экологиялық жағдайы. Қысқы жорық мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары. Құстарды қыста тамақтандыру» науқанына атсалу. (12 с.)

Облыс аумағында ғасырлар бойы үстем болған табиғи құбылыстардың әсерінен тым континенттік климат қалыптасты. Қысы суық көбіне бұлтты, бұлыңғыр бірақ қысқа, ал жаз ыстық және ұзақ болады. Облыстың флорасында 106 тұқымдасқа жатқызылатын гүлді өсімдіктердің 1300-ге жуық түрі олардың ішінде күрделі гүлді (220), атбас бұршақты (139), астық тұқымдас (118), көкпек (113), зиягүл (104) түрлері бар. Сүтқоректілердің 70 түрі, құстардың 310 ға жуық, рептилияның 19, қосмекеділердің 7, балықтардың 51, әр алуан омыртқасыздардың мыңдаған түрі және дөңгелек ауыздылар мекендейді.

Үйірме оқушыларымен әр түрлі заттардан (ағаш, картон ұағаз, бөтелке, т.б) ұя жасау. Оны ағаштың басына орналастыру.

V-бөлім. Спорттық бағдарлау. (18 сағ)

19-20 сабақ. Спорттық бағдарлау туралы түсінік. Компас түрлері, жұмыс жасау әдістері. Карта туралы ұғым. (12 с.)

Спорттық бағдарлау дегеніміз не? Турист компасы. Күнге қарап бағдарлау үшін сағаттың көмегі. Картамен компас арқылы бағдар жасау. Өзінің тұрған нүктесін табу. Жолсыз жүру. Азимут арқылы қозғалу. Спорттық бағдарлауда чиппен, картамен жұмыс. Шартты белгілер. Спорттық бағдарлау жарысына дайындық.

21-сабақ. Шаңғы туризм техникасы. Шаңғы туризмдегі қауіпсіздік ережелері. (6 с.)

**VI-бөлім. Туған жерді сүю парыз,
Сүю үшін, білу парыз (48 сағ.)**

22-23 сабақ. Батыс Қазақстан облысындағы туризмнің дамуы мен болашағы. Табиғи ресурстар (12 с.)

Өзіндік жұмыс. Реферат тақырыптары: «Батыс Қазақстан облысындағы туризмнің дамуы мен болашағы», «Табиғи ресурстар».

24-сабақ. Тарихи ескерткіштерді танып білу, ұрпақ парызы. (6 с.)

Орта ғасырлық «Жайық» қалашығы, Тақсай қорған кешені, Жұмағазы хазірет, Жымпиты –Күн батыс Алаш Орда астанасы. Облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат.

25-сабақ. «1-мамыр ынтымақтастық және бірлік күні» іс-шара. Еліміздегі әр түрлі ұлт өкілдерінің тұрмыс- салт дәстүрі.(6 с.)

Елімізде тұратын өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін, салт дәстүрлерін салыстыру.

26-сабақ. Экскурсиялық бағдарлау. Қала бойынша архитектуралық тарихи ғимараттарға экскурсия ұйымдастыру. (6 с.)

Экскурсияға кіріспе, оның құрылымы: ұйымдастырулық және ақпараттық бөлімдер. Экскурсияның негізгі функциялары және жіктелуі. Экскурсиялық бағдарлау. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының өңірімен танысу, виртуалды экскурсия жасау. Орал қаласының архитектуралық тарихи ғимараттарға экскурсия ұйымдастыру.

27-сабақ. Тарихы тұнған – Бөкей ордасы ауданы. Бөкей Ордасы тарихи-музей кешені. (6с.)

Бөкей ордасындағы хан ордасына, тарихи өлкетану кешеніне, кесенелерге (Жәңгір ханның, Бабажановтың, Дәулеткерейдің) тағзым ету, өлкетанулық тапсырмалар орындау. М.Бабажановтың қазақтың салт-дәстүрі, шаруашылығы, діни нанымы, аңшылық кәсібі жөнінде еңбектері. Бөкей Ордасы тарихи-музей кешеніне виртуальды саяхат.

28-сабақ. Қош келдің Әз-Наурыз!» мерекелік бағдарлама (6с.)

Наурыз мерекесі. Қымызмұрындық, соғым басы, сүндет тойы, тоқым қатар мереке-тойларының ерекшеліктері. Мерекелік бағдарлама ұйымдастыру.

29-сабақ. «Кітап – асыл қазына» балалар туризмі кітапханасындағы кітаптармен танысу. (6 с.)

Балалар туризмі кітапханасына саяхат.

30-сабақ. Батыс Қазақстан облысындағы алтын ханшайым – Таксай кесенесі. (6 с.)

Елімізде табылған алтын адамдар тарихы (1969 жылы Жетісу өңіріндегі Есік қорғаны, 1999 жылы Ақтөбе облысының Жылыой ауданына қарасты Аралтөбе қорымы, Шығыс Қазақстан облысының Шілікті жазығы, 2012ж. Теректі ауданынан табылған алтын ханшайым. Археологиялық жорық тапсырмасымен жұмыс «Жәдігер құпиясы жадымда!». Археология және облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат. Музей тарихы туралы білу.

Эссе: «Көне жәдігер»

31-сабақ. №10 ЖОББМ музейіне экскурсия. (6 с.)

32-сабақ. Ауған соғысының ардагерлері. (6 с.)

33-сабақ. Ұлы Отан соғысы: Қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесі. БҚО-ның Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер туралы тың мәліметтер, хаттар зерттеу, жинақтау. (6 с.)

Орал қаласында тұратын ардагерлерге бару, көмек ұйымдастыру. Хаттар жинау.

34-сабақ. Музейге жәдігерлер тапсыру. (6 с.)

35-сабақ. Жазғы туристік-өлкетану жұмыстарына әзірлік. (6 с.)

36- сабақ. Үйірменің бейнеролигін дайындау. (6 с.)

ГЛОССАРИЙ

Туған өлке – адам баласы үшін туған өлкесінен артық еш нәрсе жоқ. Себебі, бұл мен түгілі аялаған анамыз, қолпаштаған әкеміз, туған-туыс, жора-жолдастың кіндігінен қан тамған туып өскен жеріміз.

Деректану – тарихи деректер олардың өлшеуін зерттейтін және қолданылатын теориясы. Тарихшылардың теориялық, методологиялық және арнаулы даярлығы қамтамасыз етілетін ғылым.

Деректі түсіндіру – баяндалатын нақты оқиға, фактілерді анықтау, мәтіндегі тура және аспарлы сөздерге, метафораларға түсіндірме жасау.

Дін – адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа қоршаған дүниеге, табиғатқа, өзі өмір сүретін ортаға, өзінің ақыл – сезімінен тысқары тылсым дүниеге қатынасы. Басты белгісі – адамның ақыл – ойы, сана – сезімі мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену және оны мойындау. Дін - әлемді байланыстыратын күллі Алланың бар екеніне сену.

Деректі талдау – деректі түп нұсқамен дәлдігін анықтау.

Ескерткіш - елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Негізінен археологиялық, тарихи, сәулет өнері мен мәдениеттік өнері болып бөлінеді. 2. Ұлы тұлғаларды, қала қайраткерлерді тарихи оқиғалады еске алу үшін орнатылған мүсіндік туынды

Ел – көне түркі тіліндегі «халық» сөзінің синонимі ретінде қолданылады. Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым – қатынасының дамыған кезеңдеріндегі халық атауы қуымдастық деңгейден бастап ел деген жалпы атауға ие болды.

Ереже – қазақ халқының дәстүрлі құқығының қайнар көзі. Нормативті құқықтың қағидалары.

Жылнама – оқиғалардың болған жылы, күні бойынша баяндайтын аса маңызды жазба деректер жиынтығы. Қарапайым, күрделі сипат алатын қазақстан тарихына байланысты жылнамалар парсы – түрік тілдерінде жазылды. «Шайбани - наме», «Тарихи – и – Рашиди», «Шежіре – и – Түрк» жылнамаларын мысалға алуға болады.

Лингвистика – тілдер туралы ғылым. Тарихшы лингвистикасының қолдауына жүгінеді, себебі кез келген халықтың тарихы оның тілімен байланысты. О.Сүлейменовтың пікірінше: «Тілдер тарихи ілімдердің қоймасы іспетті. Ешқандай идеологиялық әсерге бой алдырмаған ең көне, әрі объективті көзқарастар болып табылады.

Мәдениеттану - мәдениет туралы ғылым. Мәдениет жеке пән ретінде 19 ғасырдан қалыптасты. Мәдениеттану пәні жергілікті және аймақтық мәдениет сапалық ерекшеліктеріне, олардың өзара байланыстары мен сабақтастығын адам дамуының жалпы заңдылықтары.

Мәдениеттілік— адамның тұлғалық қасиеттері әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндеседі. Мәдениеттану жөніндегі өзара қарым – қатынастар кемел адам ұғымы мен үндестік тауып, адами, кісілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Мәдени археологтар - мәдени түпнұсқалар, адам, табиғат және қоғамдағы орны жөніндегі түскен рәміздер, қазіргі мәдениеттің нормалық құндылық кеңістігінде өз маңызы мен мағынасын жоғалтпаған және бүгінгі адам әрекеттеріне жалпы мән беретін баптық құндылық бағдарлар.

Мемлекет— белгілі аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың дамуына мүмкіндік беретін қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқару түрінің жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі; Саяси бірлік ұйымы; Шаруашылық мәселелерін ұйымдастыру, алым – салық жүйесін реттеу, адамдардың құқықтық жағдайын бөлу, қорғанысты қамтамасыз ету қызметтерін атқарады.

Матриархат – қоғамдық дәуірде аналық биліктің жоғарғы дәрежеде болуы.

Пайдаланылған мақала

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.А.Остапец-Свешников.Программа туристско-краеведческой деятельности школьников.Москва,1991
2. А.А.Остапец- Свешников, «Турист- ізкесушілер жорықта» « Полиграфсервис» баспаханасы, 2009
3. А.А.Темірәлиева. «Асыл мұра», Көшпенділер баспасы, 2010
4. Акишев К.А., Кушиев Г.А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, 1963;
5. Артамонов М.И., Сокровища саков, М., 1973;
6. Акишев А.К., Искусство и мифология саков, А.-А., 1984;
7. А. Бейсенов., История Казахстана, т. 1, А., 1996.
8. «Боздактар» 4 том, Орал қаласы, 1998
9. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы «Арыс» баспасы, Алматы, 2002
- 10.Б.С.Боранбаева, Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының батыр қыздары, Орал, 2015
- 11.В.И.Курилова., Туризм.М., «Просвещение»,1988
- 12.В.В.Титова., Туристско-краеведческие кружки в школе.М., «Просвещение»,1988
- 13.Д.Д.Байдалиев., Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби даярлау.
- 14.Д.А.Белоусов., Литературно - краеведческий кружок в школе.
- 15.Емельянов Б.В., Экскурсоведение. Учебное пособие. М., 2002.
- 16.Т.К.Жездібаев. «Жас туристерге кеңес» Алматы,2005
- 17.Е.Ю.Ривкин., Организация туристической работы со школьниками.ТКО «Искатель “ 2001
- 18.К.Байпақов, С.Танабаева, М.Сдықов, Батыс Қазақстанның археологиялық қазбалары, Алматы, 2001
- 19."Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы"
- 20.«Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра, 2010.
- 21.Қ.Хасанов, Ескірмейтін есімдер, Орал, 2008
- 22.Қ.Кайрлиева, Мұрагер туристік-өлкетану бағдарламасы, Орал 2018
- 23.С.Кенжеахметұлы, Қазақ халқының салт-дәстүрі, Алматы, 2004